



**Тақырыбы:
Атамекен**

Сабақтың мақсаты:

- а) атамекен, ел, туған жер ұғымдарының мәнін түсіндіру; сөйлем мүшелерін қайталау.
- ә) балалардың танымдық көкжиегін кеңейту, тілін дамыту, ойларын ауызша, жазбаша сауатты жеткізе білуге дағдыландыру.
- б) ұлттық идеологияны қалыптастыру, балалардың туған тіліне, еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Сабактың эпиграфы:

**«Қайда жүрсең атамекен,
Көкейіңде жатады екен...»**

Атамекен

Сөзі: Қ.Мырза Әлі

Әні: Е. Хасанғалив

Жасыл жайлау – түкті кілем, көк кілем.

Көк кілемде көк ойнаймын, көп күлем.

Айдармнан сипап өткен самалды

Қазағымның алақаны деп білем

Қайырмасы:

Қайда жүрсен , атамекен

Көкейінде жатады екен.

Күннің өзі ұясына

Қимай оны батады екен

Сөздікпен жұмыс.

Синоним сөздерді аударып, сөйлем құраңдар.

Атамекен – туған жер, ел, жұрт.

Батыр – ер, қаһарман, өжет.

Парасатты – ақылды, байсалды, көреген, ұстамды.

Тәуелсіз – азат, еркін.

Атамекен

Атажұрт, атамекен, туған жер – өте кең ұғым. Ол халқымыздың атам заманнан бері мекендеп, сусын ішіп, өмір сүріп, өсіп - өніп келе жатқан кең жазира жері.

Атамекен ұғымы бізге араб тілінен келген екен. "Ата" - көне түркі дәуірлерінде әрі қолбасы, әрі елбасы болған кісілер есіміне жанама қосылатын атау болса, мекен сөзі араб тілінде «мәкан» - орын, жай деген мағынаны білдірген. Бұл дегеніміз - туған жер, өңір, өлке. Түркі қауымына ортақ «ата» сөзімен қосылып, әуелде «атақоныс» ұғымында қолданылған. Кейін келе мәні кеңейіп, «ата - бабалар ғұмыр кешкен, олардың өз ұрпақтарына мәңгілікке қалдырған иелігі, ең қымбат мұрасы» деген ұғымды білдіреді. Отан ұғымдарының баламасына айналған Атамекен еліміздің, мемлекеттілігіміздің негізі. Туған жер дегеніміз - әр адамның шыр етіп дүние есігін ашып, өмірге келген жері. Ал, атамекен – ата - бабамыздың білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап қалған қасиетті жері.

Әр адамзаттың бір ғана Отаны, яғни Атамекені болады. Алайда, қазіргі таңда кейбір адамдардың екі Отаны болады. Оған себеп, ғаламдану дәуіріне сәйкес басқа мемлекеттерде тұрып, сол елдің азаматтығын алып, өзінің екінші Отаны деп санайды. Сонымен атамекен - елдіктің, мемлекеттіліктің негізі.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру.

1) Атамекен, атақоныс, атажұрт несімен қымбат?

2) Атамекеннің адам үшін маңызы қандай?

3) Адамның туған жері әрқашанда атамекен бола ма?

4) Өз Атамекенін сүйе білу адам өміріне қалай әсер етеді?

5) Атамекенің үшін қандай игі істер жасар едің?

Сөйлем мүшелері

Сөйлем мүшелері тұрлаулы және тұрлаусыз болып бөлінеді.

Тұрлаулы сөйлем мүшелері: бастауыш және баяндауыш.

Тұрлаусыз сөйлем мүшелері: толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш.

- Сұрақтарымен мысалдар келтіру.

- Бастауыш Кім? Не? Кімдер? Нелер? Несі?

- Баяндауыш Не істеді? Қайтті?

- Толықтауыш -Атау, ілік сұрақтарынан басқа септік сұрақтарына жауап береді.

- Анықтауыш - Қандай? Кімнің? Ненің?

- Пысықтауыш - Қалай? Қашан? Қайда?

Б) сказуемое (баяндауыш) обязательно находится в конце предложения;

В) Подлежащее (бастауыш) чаще находится в начале предложения;

Г) Определение (анықтауыш) стоит перед определяемым словом;

Ғ) Дополняющее слово находится перед дополнением (толықтауыш);

Д) обстоятельство (пысықтауыш) находится перед словом, с которым связано.

1 тапсырма. Көшіріп жазып, синтаксистік талдау жасандар.

Атамекен - туған халқыңның,
ұлтыңның мекен еткен, ата - бабаңның
қоныс тепкен жері. Туған жер - әр
адамның дүние есігін ашып, өмірге
келген жері. Адамның болашағы да,
өткені де атамекенімен тығыз
байланыста болады.

Берілген сөйлемдердің дұрыс - бұрыстығын анықтап, ауызша жауап беріңіздер.

1. «Атамекен» өлеңінің әнін Е. Хасанғалиев жазған.
2. Оның 200 ден аса туындылары бар.
3. Қадыр Мырзалиев «Атамекен» әнінің сөзін жазбаған.
4. Баяндауыш сөйлемнің басында тұрады.
5. Толықтауыш өзі толықтайтын мүшесіне кейін тұрады.
6. Орыс тілінде де, баяндауыш тек қана сөйлемнің соңында болады.
7. Көмекші есімдер өзіне қатысты сөйлемнің алдында тұрады.
8. Пысықтауыш өзі пысықтайтын мүшесінен бұрын орналасады.

Сөз шебері.

Атамекен, туған жер, Отанға байланысты
мақал- мәтелдер айтыңыздар.

Шығармашылық жұмыс. Эссе жазу
«Туған жерің - тұғырың» (2 – 3 мин.)



Сергіу сәті.

**ҰБТ – ға дайындық.
Тест жұмысы (5мин)**

Өзіңді тексер.

I нұсқа

1. 2

2. 1

3. 5

4. 2

5. 6

II нұсқа

1. 1.

2. 2

3. 5

4. 3

5. 4

Жүректен жүрекке...
**(өз тілек, лебіздерін қағаз
бетіне түсіру)**



Рефлексия (ой толғау)

Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?

Қандай әсер алдыңдар?

Қандай тапсырма сіздерге қиындық
туғызды?

The background of the slide is a solid, warm orange-brown color. Overlaid on this background is a repeating pattern of stylized, dark brown leaves. The leaves are depicted with prominent veins and are arranged in a way that creates a sense of depth and texture. The overall aesthetic is clean and modern, with a focus on natural motifs.

Бағалау

Үйге тапсырма:

«Менің - Атамекенім» тақырыбына
шағын шығарма жазып келу.